

УДК 904

**«КӨК БӨРІЛЕРДІҢ КӨЗ ЖАСЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ЖЕР-СУ, ҚАЛАЛАР  
МЕН ЕЛДІМЕКЕНДЕР АТАУЫ**

**Калыбекова Индира Алхамовна**

**indira\_k\_97@mail.ru**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Шығыстану мамандығының 1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ақжігіт Әлібеқұлы

Бұл роман XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың басында Орхон мен Ханғай тауларын мекен еткен наймандар мен керейлердің Шыңғыс хан шапқыншылығына қарсы тұруын баяндайды. Автор оқиға барысында көптеген қалалар мен елдімекендерді, өзендер мен тауларды көркем баяндап, әр жерге қатысты болған оқиғаны тәтпіштеп көрсетеді. Құрылымына қарай роман үш үлкен бөлімнен тұрады: бірінші бөлім «Ордам қонған Орқын су» деп аталып, мұнда автор «тоғыз оғыз» бен «сегіз оғыз» деп аталатын керей мен наймандардың сонау Ханғай тауының етегінде мекен етуінен бастау алады. Екінші бөлімінде: «Орқыннан айырылу» Моңғол шапқыншылығынынан азап тартып, бектердің бегі Көксау Саурықтың жау қолынан қаза тауып, Орхон өзенінен айырылып үлкенді-кішілі тайпаларға бөлініп жан-жаққа шашырап кетуін баяндайды. Үшінші бөлімінде: «Сарыарқа» Қотан жұртының мұсылмандыққа келуі, Қашқардағы қанды жол, Жетісуда жаза кешкен Күшліктің өлімі, Орхоннан ұласқан Найманның соңғы тұғырының біржолата жойылуы туралы баяндайды. Жолына түскенді жайпап келген Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының қаза табуы, одан бес ай өткен соң Шыңғыс ханның өлімі, сағынып үйіне жеткен Саралдың самалды Сарыарқаға сүйсініп, арқа төсінде сақалы кеудесін жапқан ұзын қара шалға айналуымен аяқталады. Бұл мақалада романда баяндалған елдімекендер мен қалалар, жер-су, өзендер мен көлдердің, таулардың атауларына терең тоқталып, онда болған оқиғалар қарастырылады.

Роман оқиғасы Орхон және Ханғай (Өтүкен) тауында мекен еткен наймандардың абызы Құба Текінің жыр толғауынан бастау алады. Еркіндіктің де, езгінің де дәмін тартып, өз алдына ел болып көне түркілердің құнарлы қоныстарына мекен еткен наймандар мен керейлердің оқиғасы көркем суреттелген. Ең алдымен осы Орхон және Өтекен тауларының атауына түсінік бере кетейік. XIII ғасырдағы жазба деректерде Орхон өзені мен Алтай тауының аралығындағы жерлерді сегіз тайпадан тұратын одақ мекендеген. Моңғолдар оларды наймандар деп атаған. «Найман» сөзі моңғол тілінде «сегіз» дегенді білдіреді. Ал басқа деректерге қарағанда, Моңғолияда Секиз өзені (түркіше – сегіз) бар, сондықтан осы өзеннің жағасын мекендеген тайпаларды моңғолдар наймандар деп атаған.

Орхон өзенінің аңғары күшті және тұрақты көшпелі мәдениеттің, ірі сауданың дамуына және ірі әкімшілік, сауда, әскери, сондай-ақ діни орталықтардың пайда болуына қалай әкелгенін айқын көрсетеді. Орхон өзені Моңғолиядағы ең ірі өзендердің бірі. Селенга өзенінің оң тармағына жатады. Ұзындығы 1124 км, бассейнінің ауданы 132,8 мың км<sup>2</sup>. Архангай облысынан басталып, Уверхайнгай облысының солтүстік-батыс бөлігінен өтіп, одан ары қарай Архангай облысының шығыс бөлігі, Бұлғын облысы арқылы Селенгіге құяды. Орхонның бастаулары Ханғай(Өтүкен) тауларында, жоғары ағысында тар, кейде каньон тәрізді аңғары бар, биіктігі 20 м-дей сарқыраманы құрайды. Орта ағысында аңғары

терең, иірімді, төменгі ағысында таудан шыққанда Орхон арнасы 100-150 м-ге дейін кеңейеді. Орхон Селенгіден тура 100 км ұзын және ұзындығы бойынша екінші өзен. Керулен өзенінен кейін Моңғолияда (1254 ), алайда Керуленнің Моңғолиядағы ұзындығы небәрі 1090 км екенін ескерсек, Орхон Моңғолия шекарасындағы ең үлкен өзен деп айтуға болады. [2]

Профессор Су Бэйхайдың баяндауынша: «Керей тайпасының өріс-қонысы Кентай тауының батысындағы Орхон өзенінің алқабы болған. Олардың шығысы Кетай тауы арқылы моңғолдармен, солтүстігі меркіттермен, батысы және оңтүстік-батысы наймандармен, оңтүстігі Гоби даласы арқылы оңғұттармен шекараласып жатқан, Найман, Моңғол, Татар секілді көптеген ұлыстармен иық тірескен халық, саны мол, күші мығым іргелі ел болды», – дейді. [3] Осындай бір іргелі ұлыс әлбетте тек Юань патшалығы заманынан бері ғана пайда бола қойған жоқ. Ол тарихта ертеден болған. Ертеде Селенга өзенінің бір тармағы болған Орхон, Тоғла өзендерінің алқабында ғұндардың таған ордасы болды, кейін бұл жер Шығыс Түркі қағанаты мен Біріккен түркі қағанатының саяси орталығы болды. Демек, бұл жер тарихтан бері түркі халықтарының үстемдік еткен аймағы. Керей сөзі аталмыш түркі тілді этностардан кейін қалыптасқан атау екені сөзсіз. Өйткені Фэн Чэнцзюнь: «керей тайпасы түркі тілді тайпа», – дейді. [4]

Наймандар мемлекеті алғаш рет XII ғасырдың екінші жартысында белгілі болды. Мемлекеттің астанасы Орхон өзенінің жағасындағы Балықты қаласы болды. Найман ханы Наркеш Даян (1160-1203) тұсында мемлекет өзінің шарықтау шегіне жетті. Оның тұсында наймандар егіншілікпен айналысып, оларда отырықшы өмір-салты қалыптаса бастады. Ханның інісі Инаныш Білге ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында мемлекетті нығайтуға көп еңбек сіңірді. Ол наймандарды өнермен, қолөнермен, бейбіт өмір сүруді көрсетуді көздеген. Сондықтан да халық оны Білге қаған деп атаған (Білімді хан). Білге қаған тұсында қарақытайлықтардың шабуылы ақыры тоқтады. Барлық сегіз руды біріктірген хан наймандардың біртұтас мемлекетін құрады. Басқа елдермен сауда қатынасын жақсы деңгейде дамытты. Бірақ наймандардың жандануы ұзақ уақытқа бармады. Білге қағанның ұлдары Бұйрық хан мен Таян ханның арасында билік үшін өзара тартыс басталып, хандық екіге бөлінді. Таян хан дала өлкесін билей бастады, ал Бұйрық хан Алтайдағы Қара Ертіс бойындағы Орунгу аймағында билеуге қалды. Өз ішінде таласқан орайды пайдаға асырған Моңғол ханы Шыңғыс хан мен Оң хан наймандарға қарсы шабуыл жасап, Енисей қырғыздарына қашқан Бұйрық ханның әскерлерін талқандалып, найман қолы күйрей жеңілді.

Тарихшы Қайыркен Т.З. жазуынша, Бұйрық ханның ойсыраған жеңілісінен кейін, Таян хан мен Көксау Саурық батыр Шыңғыс ханға қарсы жорыққа аттанады. Екі жақ келісіп Наймандар Орхон өзенінің Ханғарқан тауының бауырына келген соң, екі жақ бес-алты күн бойы бірін-бірі барлаумен болады. Сол кезде Моңғолдардың нақтылы мөлшерін біліп қайту мақсатында найманның шолғыншы қолын Көксау Саурық бастап Шолақ Жыланты деген жерге дейін барып Моңғол қолының дәл өкпе тұсынан шықты. Бірақ бұл соғыста батыс бөліктегі наймандардың қолдауынсыз қалған әйгілі әмір Көксау Саурық батыр ерлікпен қаза табады. Көп ұзамай сол соғыста көп қолынан айырылған Таян хан да мерт болады. Ақыры Таян ханның айтқаны келіп, амалы таусылған Күшлік елді Алтайға қарай ауа көшіріп, сол жерде бекініп, Бұйрық ханның иелігіндегі жерлермен қосылып, моңғол қолына қайта қарсы шығуға үндеді. «Қасиетіңе бас Ханғай тау, осы беті аңырап қалып барасың ба?» – деп ошақтың отын сөндірмей хош айтты. «Айналайын Алтай, енді несібеіміз сенен!» – деді. Ендігі кезекте Күшлік бастаған ел Қанағаттың үш тірегінің бірі – (Ханғай, Алтай, Тарбағатай) Алтай тауына жайғасты. Бұл кезде кәрі Алтайдың күнгеі мен теріскейінде ұзына бойы аққан Ертіс суының екі қапталында, Тарбағатай

етектерінде Бұйрық ханның елі өмір сүріп жатты. Ал Бұйрықтың өз орласы Алтайдың күн бетіндегі Күрті аңғарында – Сарешкі жотасы мен Көлжайлау шыңының арасындағы Күрті суының бойында еді.

1218 жылы көктемде Күшлік Қашқардан Қотанға қарай бет алады. Қотан еліне бет алуының себебі қотандықтар бұрындары Күшліктің жіберген елшісін өлтіріп, оның қойған шарттарынан бас тартқан болатын. Бұл Қотан патшалығы (б.э.д 232-1006 жж.) – батыс аймақтардағы ежелгі будда патшалығы және Қытайдағы Тан әулеті тұсындағы Аньси астанасы болған қаланың бірі. 1006 жылы Қотанды Қарахан мемлекетінен Жүсіп Қадыр хан жаулап алды. XIII ғасырдың аяғында Қотан арқылы өтіп бара жатқан Марко Поло оны таза мұсылман қаласы деп сипаттайды. Әйгілі Сюань-Цзанның «Записки о Западных странах (эпохи) Великой Тан» деген еңбегінде: «таулардан өтіп, Қашқар жерінен өтіп буддистік ел Қотан жеріне барып, өзінің сапарын осы жерде аятағаны туралы айтады». [5]

Қотан, Қашқар өлкелеріне қатысты автор көп жерлерде айтыла бермейтін өте тың, әрі қызықты мәліметтермен бөліскен. Қарахан мемлекеті Қашқар мен Қотанға әскери күш қолдану арқылы ислам дінін қабылдатып, осылайша Тарым ойпатының оңтүстігі, батысы және Мауереннахрдегі ұйғырлар толығымен ислам дінін қабылдады. Сол кезеңде біршама қазақ тайпалары – қарлұқтар, қаңлылар мен үйсіндер де ислам дініне кірді. Олардың саны аз болғандықтан Қазақ даласына әскери күш қолдану арқылы ислам дінін кіргізу қажеттілігі туындады. XI ғасырдың 60 жылдары Махмұд Тоғрыл хан Қарахан билеушісі болған кезде Арыслан тегін 40 мың мұсылман әскерін бастап, Іле және Еміл өзендерінен өтіп, Білге Бұдыраш бастаған 700 мың басқа дін әскерлерімен соғысады. Соғыс нәтижесінде мұсылмандар жеңіп, Жетісу аймағындағы қазақтар ислам дінін қабылдайды. Қазақ даласындағы мұсылмандардың мұсылман еместерге қалай соққы бергенін Махмұд Қашғаридың әйгілі «Түркі сөздерінің жинағы» атты еңбегіндегі халық жырларынан оқып біле аламыз. [3] Күшлік Мауереннахр мен Қашқар-Қотанның ислам туының астында бірігіп кетуінен, сол арқылы қолындағы билігін жоғалтып аламын деген қорқынышпен бұл шаһарларды исламсыздандыруды көздеген болатын. Бірақ бұл өлкелерді исламға кіргізу қандай қиын болса, одан бет бұрғызу одан да қиын, тіпті мүмкін еместігін ол түсінбеген-ді...

Сарыарқа! Шығыста Тарбағатайдан, батысқа Еділ-Жайыққа дейін созылған ең даланың жон арқасы – Сарыарқа. Оқиғаның үшінші бөлімі дәл осы жерде аяқталады. Жошыны Арқаның ханы сайлау рәсіміне қазақ ру-тайпалары түгел қатысты. Бірақ көз ұзамай Жошы хан қайтыс болып, артынан бес ай өткен соң жапанды жалпағынан басқан Шыңғыс хан да артынан аттанды. Сарал батыр Жошы 1227 жылы дүниеден өткен соң балашағасын ертіп Сарыарқаға келді. Ол: «Біздің енді өсіп өнетін, өркен жаятын жеріміз осы. Арқа төсі. Алыстағы Орхон, қасиетті Ханғай тау, асқар, биік Өр Алтай бабалар рухына аманат», – деді. Осылайша айналасы отыз жылда Шыңғыс тұқымы бүкілдей қазақ қалпына кірді.

Бұл Сарыарқа жеріне келетін болсақ, академик Ә.Х.Марғұлан алғашқы зерттеушілердің мәліметтері мен өзінің жинақтаған зерттеулерін қорытындылай келе, ғылымда Сарыарқаның қалалық мәдениеті жайында жаңа әлем ашты. Бұл көптеген елдімекендер мен қалалар: Ақсу өзенінің Қара-Кеңгірге құятын сағасындағы Хан Ордасы; Нұра өзеніндегі ортағасырлық елді мекен; Сарысу өзеніндегі өзеніндегі Қарағаш, Қарасақал, Белен-Ана, Жуан-Ана, Жезді өзеніндегі Басқамыр, Аяққамыр тағы да басқалар. Жошы қайтқаннан кейін Ұлы далада, Ұлытау өңірінде әсем кесенесі бой көтерді. Кесене маңында Жошы ордасы деген жер бар. Қаракеңгір өзенінің жағасында орналасқан Жошы ханның әсем кесенесі күмбезді құрылыс түріне жатады.

Н.П.Рычков атақты «Мыс кені» туралы көп естіген. Өз кітабында ол: «Ұлытаудан үш өзен шығады: Қаракеңгір, Жездікеңгір және Жыландыкеңгір. Жезді

өзенінде қаңыраған ескі қалалар мен кен орындары өте көп. Ол жерде кен қорытатын зауыттар болған. Қазіргі таңға дейін олардың белгілері ғана емес сонымен қатар кен балқытатын орындар да көрініп жатыр», – деп жазған. Бұл зерттеулер кейінгі уақытта Жезқазғанның Милықұдық, Сорқұдық, Айнакөл мекендеріндегі ежелгі кен орындарында жүргізілген археологиялық қазбалармен дәлелденген. Ежелгі және ортағасырлық Жезқазғанның астанасы Милықұдық болған. Ол кемінде 10 гектар жерді алып жатыр. Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның аса ірі өндіріс орнына айналған. Археологиялық жұмыстар барысында табылған материалдарға сәйкес ортағасырлық Жезқазғанның Дешті-Қыпшақта маңызды қолөнер орталығы болғанын дәлелдейді. Сонымен қатар мұнда қыш құмыра жасау, темір өңдеу, тас қашау сынды кәсіптер де кеңінен дамыған. Осыған қарап ежелгі және орта ғасырларда Жезқазғанның металл өндіру мен оны өңдеудегі маңызды металлургиялық орталық болғандығы анықталды. Қала орнындағы жақсылап ұсақталған және байытылған кеннің аумағы, балқыту пештері мен ірі шеберханалардың көптігі мыс пен темірдің ежелгі Сарыарқада «өзі үшін» ғана емес, көрші елдер мен мемлекеттерді қамтамасыз ету үшін де шығарылғанын білдіреді. [6]

### **Қорытынды.**

Мақала Орхон мен Ханғай тауларында мекен еткен наймандар мен керейлерлен басталады. Автор Қайыркен Т.З. Шыңғыс ханның Алтайдан Атырауға дейінгі қазақ ұлыстарын біріктіріп, біртұтас іргелі мемлекетке айналғандығы туралы оқиғаны шынайы әрі қарапайым тілмен баяндап көрсеткен. Найман, керей және басқа да этностар бұл кезде өзіне тән жүйемен өмір сүргенімен, олардың түп дәстүрі ортақ болатын. Жау келгенде біріге жауға төтеп беріп, жалғанды жалпағынан басып, өзін жер-дүниенің қожайыны санаған Шыңғыс ханға және басқа да мемлекеттерге тойтарыс берген болатын. Бұл мақалада біз Орхон мен Ханғай тауларынан бастап, Алтай, Қашқар, Қотан, Сарыарқа тағы басқа елдімекен атауларына тоқталып, ол қалалар мен өзен-тауларда болған оқиғалар мен ерекшеліктеріне тереңінен сипатта бердік.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қайыркен Т.З. Көк бөрілердің көз жасы. – Алматы: «Дәуір-кітап», 2015. – 510 б.
2. <https://legendtour.ru/rus/mongolia/regions/orkhon-river.shtml>
3. Су Бэйхай. Қазақтың жалпы тарихы. Қазақ ұлтының дамуы// Ауд.Т.З.Қайыркен. II т. – Алматы: «Асыл кітап», 2019. – 102, 223 б.
4. Каз СССР тарихы. II т., Алматы, 1979. – 182 б.
5. Сюань-цзан. Записки о Западных странах (эпохи) Великой Тан. – Москва: «Восточная литература», 2012. – 13 с.
6. К.Байпаков. Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: «Аруана Ltd», 2007. – 313-314 б.

**ӘОҚ 327.56**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГЕОСАЯСИ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КАСПИЙ АЙМАҒЫ**

**Касымова Дильназ**

dilnaz\_kasymova\_1@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ шығыстану мамандығының 4 курс студенті